



Мергенбаев Әндір

4 AMANKELDI ARAIY

*Ардагерлер мұрасы - қымбат қазына*

# ЕҢБЕКПЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР

Мергенбаев Әндір 1900 жылы бұрынғы Қараторғай болысы, қазіргі Аманкелді ауданының Сарыторғайдың Екідін ауылында туған. 1925 жылы Нияз руынан шыққан Ысқакова Тәбенге бас қосып Қарасу ауылдық округіне қарасты Әбу Сыздық ауылының Сарысай жерінде тұрған. Жарымен 61 жыл отасқан.Екі ұл, екі қыз тәрбиелеген. Әндір ағаш, темір бұйымдарының шебері. Маңдай терімен еңбек етіп соқа айдап, жер жыртып, егін салған, су жіберуші насоста жұмыс істеген.

1932 жылы аштық кезінде жанұясымен мен ағасының баласын алып Қостанайдың Федорск ауылына бас сауғалап кеткен. Орыстар арасында техника жүргізіп жұмыс істеген. 36 гектар жерді екі қайтара суарып тынымсыз жұмыс істеп көзге түскен. Бұл жөнінде жақсы марапаттар мен алғысқа ие болған. Осы қиын қыстау аштық кезінде өз баласымен ағасының баласы қайтыс болған. 1934 жылы ерлі – зайыптылар Әбу Сыздық елді мекеніне киіз үйлерін тігіп, өз жерлеріне оралады.

Сол уақытта бес жанұя карістермен бірге картоп, бақша салуды үйренеді. Жалғыз басты Сергей Тен карісті қолдарына алып уақыттың қиындығына қарамай жанұясына қосып қара еңбекте бірге жүрген.



Бейнетті бірге көріп бұрынғы кәсібін жалғастырып Әндір аға егін егіп, су жіберуші болып жұмыс істейді.

1934 жылы баласы Балтабай дүниеге келген. 1942 жылы 29 карашада соғыс басталып. Торғай АӘК-нан әскерге шақырылды, Шұбаркөл қаласындағы әскери дайындықтан өткеннен кейін, 117 жеке АП құрамында Калинин майданында алғаш ұрысқа қатысқан. 1943 жылдың ақпан айында өзен өткелінде болған ұрыста қолынан ауыр жараланып, госпитальда емделеді. Әскер қатарына жарамсыз болып. Елге оралады.

Қолының жарақатына қарамай тері қолғап киіп колхоз ағаш ұстасы егіншілерге су жіберуші болып насос двигателінде болып көп жыл еңбек етіп жұмыс істеген . Жаңадан үй салына бастағанда ағаш шеберлігімен құрлысқа қатысқан. Сол кездегі салынған үй әлі бар. Сейітбек көтерілісіне қатысқан.......

Әндір ағаның жанұясында Балтабай аға ғана жалғыз қалған. 1984 жылы 30қазан айында 85 жасында қайтқан. Қазірде 85 жасқа келген Балтабай ағада әкесінен қалған ескерткіш жарланған қолына киіп еңбек еткен теріден жасалған қолғабы. Балтабай аға биыл әкесінің көзі ретінде сақтап жүрген тері қолғап пен алтын жалатылған қант шағатын қантбалғаны Амангелді ауданының музейіне тапсырды.

1941-1945 жыл Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 65 жылдығына 13 томдық «Олар жеңіспен оралды» кітабына енген. Биыл Жеңістің 70 жылдығы қарсаңына орай ауылда жақсы игі істің бастамасы басталмақ. Осы соғысқа қатысып аман-есен елге оралғандардың есімдерін тізіп, ескерткіш тақта дайындалуда. Сол тізімнің ішінде менің әкем де бар.

# ТЕРІ ҚОЛҒАП ТАРИХЫ

Қарасу ауылында көпті көрген көне көз, оқығаны тоқығаны мол, соған сай кейінгі жастарға айтары да көп Балтабай атты еңбек, тыл ардагері тұрады. Әдеби кітаптарды көп оқитын, еліміз бен өңірдің тарихын жете білетін шежіре қариямен әңгімелесудің өзі бір ғанибет. Төр үйіндегі бұрыштағы стол үстінде Ұлы Отан соғысының 65 жылдығы қарсаңында шыққан «Олар жеңіспен оралды» кітабы тұрады. Оның жанында ескі тері қолғап қойылған. Жарда Ұлы Отан соғысы ардагері, Балтабай ақсақалдың әкесі Әндір Мергенбаевтің әскери киімдегі суреті бар.

Кітапты алып қарағанымызда қағаз қойылған парақ бірден көрінеді. Онда Ұлы Отан соғысында ерлігімен көзге түскен, Амангелді ауданынан әскерге шақырылып, Отан алдындағы перзенттік борышын абыроймен атқарған Әндір ақсақалдың ерлік істері жазылған. 1900 жылы Сарыторғайда дүние есігін ашқан ақсақалдың балалық шағы сол кездегі қатарластары сияқты қиындықта өтеді.

1932 жылғы аштықта жанұясы мен ағасын аман сақтап қалу мақсатында іш жаққа, Федоров ауданына бас сауғалап барған ол 36 гектар жерді қайтара суарып, тынымсыз еңбегі арқасында



да елді ұйымдастырып,суармалы егін егіп, бас мұрап болып жұмыс істейді. 1934 жылы баласы Балтабай дүниеге келеді. Елмен бірге еңсесі жаңа көтеріліп келе жатқан жанұя бүкіл ел басына төнген нәубетке қарсы тұрып, 1942 жылы 29 қарашада Әндір қария ел қорғауға аттанады.

Шұбаркөлде арнайы әскери дайындықтан өткеннен кейін, 117 жеке атқыштар полкі құрамында Калинин майданында ұрысқа кіріседі. Жастайынан елін сүйіп, «Арым жанымның садағасы» қағидасында өскен намысшыл жігіт ерлігімен көзге түседі, түрлі марапаттауларға, алғыстарға ие болады. 1943 жылы ақпан айында Молодой өзені үшін болған шайқаста сан жағынан басым жауға лайықты тойтарыс берген аз ғана совет жауынгері үлкен ерлік өнегесін көрсетіп, соның ішінде Әндір ақсақал да болады.

Осы ұрыста қолынан қатты жараланып, ес -түссіз жатқан жауынгерді санитарлар госпитальға жеткізеді. Жарасы ауыр болған жауынгер одан әрі соғысуға жарамсыз болып елге оралады. Күнде қақсаған қолы ұйқы бермесе де елге оралған жаралы жауынгер еңбекке араласып кетеді. Қолының ебі бар азаматты колхоз басқармасы ағаш ұстасы етіп жұмысқа қосады. Кейіннен үй салуға қатынасады. 1984 жылы қарт майдангер 84 жасында өмірден озады. Балтабай баласы болса әкесінің үнемі жазы – қысы ауру қолына киіп жүретін тері қолғабын қастерлеп төріне қоюының себебі сол екен.

Әндір ата 1929 жылғы «Батпаққара» көтерілісіне белсене қатысқан. Кейін көп азап көрген. Абақтыға жабылып, әлденеше рет тергеуден өтіп, өзіне кесілген жазаны аман-есен өтеп, қайтып еңбекке араласқан, ерлердің бірі де бірегейі еді.



Мергенбаев Әндір

1900 жылы Қостанай облысы Аманкелді ауданы Сарыторғай ауылында дүниеге келген. 1942 жылы 29 қарашада Торғай АӘК-нан әскерге шақырылған. Шұбаркөл станциясында әскери дайындықтан өткеннен кейін, 117- жеке атқыштар покі құрамында Калинин майданында алғаш рет ұрысқа қатысқан. 1943 жылдың ақпан айында өзен өткелінде болған ұрыста ауыр жараланып, госпитальда емделіп, елге оралады. Елге келген соң ағаш ұстасы болып көп жыл жұмыс істеген. Соғыста көрсеткен ерлігі үшін «Жауынгерлік еңбегі үшін» және бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған.1984 жылдың қазан айында қайтыс болған.